Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : «Қарлығаш» балабақшасы
Топ : «Ақбота»
Балалардың жасы:3-4-5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 01-05қыркүйек 2025 жыл
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 01.09.2025ж**	**Сейсенбі 02.09.2025 ж**	**Сәрсенбі 03.09.2025ж**	**Бейсенбі 04.09.2025ж**	**Жұма 05.09.2025ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары		«Ұшады, жүзеді, жүреді» үстел үсті ойыны: Міндеті Тәрбиеші көліктің түрлерін суреттерін көрсетеді, ал балалар қимыл-қозғалыспен оны көрсетіп – ол ұшама, жүреме, жүзе ме айтады. **Коммуникативтік дағдылар**	«Теңге алу», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту **Бір тұтас тәрбие**	Табиғат бұрышындағы еңбек. Міндеті :Еңбекке байланысты мақал-мәтелдер айту. Гүлдерді суарып, қопсытуға көмектеседі **Әлеуметтік дағдылар,экологиялық тәрбие**	Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелерімен таныстыру, Жедел қызметтің телефон нөмірлері, терезе алдына шықпауға үйрету **қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		**Қаржылық сауаттылық**	**Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**	**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**	**Адалдық әліппесі** **Ойын атауы:** «Жоғалған

		Ойын атауы: «Дүкен» **Мақсаты:** Ақша туралы қарапайым түсінік қалыптастыру, санауды үйрету. **Құралдар:** Жеміс-жидек макеттері, ойыншық ақша, дорба. **Ойын барысы:** Бір бала – сатушы, қалғандары – сатып алушылар. Балалар ақшаларын санап, «тауарды» сатып алады. Тәрбиеші «артық ақша қалды ма, әділ төледің бе?» деп бағыт береді	**Ойын атауы:** «Шындық пен өтірік» **Мақсаты:** Балаларды адалдыққа тәрбиелеу, шындықты айтуға үйрету. **Құралдар:** Суреттер (мысық, ит, бала, ойыншықтар). **Ойын барысы:** Тәрбиеші суретті көрсетіп, қасақана қате айтады («мынау ит емес, мысық»). Балалар қатесін тауып, дұрыс жауап береді. «Адал бала әрқашан шындықты айтады» деп бекітеді.	**Ойын атауы:** «Асық ойыны» (жеңілдетілген нұсқа) **Мақсаты:** Ұлттық мұраға қызығушылық тудыру, дәлдікке,ептілікке үйрету. **Құралдар:** Асықтар, сақа. **Ойын барысы:** Балалар кезекпен асық атады. Қайсысы асықты дәл түсірсе – сол жеңімпаз. Тәрбиеші «ұлттық ойын – халқымыздың қазынасы» екенін түсіндіреді.	ойыншық» **Мақсаты:** Балаларды адалдыққа баулу, бір-бірінің затын рұқсатсыз алмауға үйрету. **Құралдар:** Қуыршақ немесе ойыншық. **Ойын барысы:** Тәрбиеші ойыншықты ортаға қойып: «Бұл ойыншықтың иесі жоқ сияқты. Не істейміз?» – деп сұрайды. Балалар: «Иесіне қайтарамыз», «Тәрбиешіге апарамыз» деп шешім айтады. Соңында тәрбиеші: «Адал бала – әрқашан жоғалғанды иесіне қайтарады» деп бекітеді.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**(3 жас)** **Дене шынықтыру** **Міндеті:** Домалату, лақтыру, қағып алу **Еркін ойын** Допты және шариктерді алып балалар өзара лақтырып ойындар	**(3 жас)** **Қазақ тілі** **Міндеті:**Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатынтуыс тық қатынастағы сөздерді айтқызу **Тәрбиешімен**	**(3 жас)** **Дене шынықтыру** **Міндеті:**Қимылдарды белсенді орындауды дамыту, қимылдары үйлестіру Сылдыр-сылдыр сылдырмақ. **Барысы:** Ирелең	**(3 жас)** **Музыка** **Міндеті:** Музыканы эмоционалды көңіл күймен қабылдауға баулу **Музыка тыңдау: «жау-жау жаңбыр»** **Ән үйрену** : Сары бояу сарғалдақ	**(3 жас)** **Дене шынықтыру** **Міндеті:** Спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету **Барысы:** Үш дөңгелекті велосипедті оңға және солға бұру арқөылы

	ойнау **(Физикалық дағдыларды қалыптастыру)**	**әңгіме** Тәрбиеші балаларға отбасын мүшелері туралы сұрақтар қояды балалр туыстық қатынастағы атауларды араластырып сөйлемдер құрып, тәрбиешімен балалармен диалогқа түседі **(Коммуникативті дағдыны қалыптастыру Сөйлемді дамыту.)**	жолмен жүруге, қос аяқпен секіруге (аяқ бірге-аяқ алшақ) үйрету. **(Физикалық дағдыны қалыптасытыру)** .	Қызыл бояу қызғалдақ Жасыл бояу жайлауым Іздеп барып сағынып **(Шығармашылық , танымдық дағдыларды дамыту, математика негізі)**	тебуді үйрену (Физикалық , танымдық дағдыларды қалыптастыру Денешынықтыру, математика негізі)
	(4 жас) **Дене шынықтыру** **Міндеті:** Жүгіру: аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру, сапта бірбірден, шеңбер бойымен, жүгіру **Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.** Гимнастикалық	**(4-жас)** **Қазақ тілі** **Міндеті:** Ересектер мен балалармен қарым қатынас жасауды үйрету **Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.** Жыл мезгілдеріне тоқталу.	**(4-жас)** **Дене шынықтыру** **Міндеті:**. Лақтыру әдісі арқылы балалрдың қимыл қозғалысын қалыптастыру **Доп лақтыру әдісі** арқылы жыл мезгілін,ай атын,апта күнді сұрау. Балалар, қазір сендер қайдасыңдар? Кімдер бар	**(4-жас)** **Музыка** **Міндеті:** Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). **«Кел ойнайық»** Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, музыканың қимылдық сипатына қарай	**(4-жас)** **Дене шынықтыру** **Міндеті:** Балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық,қимылды ойындар , спортпен айналысуға қызығушылықтарын ашу **Жалпы даму жаттығулары.** 1. Басқа арналған

	орындық үстімен жүру Физмкалық дағдыны дамыту **Музыка** **Міндеті:** Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру **(музыка)**https://youtu.be/C2wSO2OfNf4	Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. **Жұмбақ:** Ақ сұңқар құсым келеді. Жолына бояу жағып келеді. (Ұшақ) -Қандай көлік түрлерін білесіңдер? - Балалар сендер ұшаққа отырып көрдіңдер ме? -Ұшақ қандай көлік түрлеріне жатады? Балалар көлік бара алмайтын жерге ұшақ барады. Алыс айшылық жерлерге жылдам уақытта ұшақ ұшып барады. Балалар бүгін біз	балабақшада? Балабақшада не істейсіңдер сендер? Балалардың жауаптары **АКТ технологиясы.** Слайд .Балабақша туралы түсінік беру. Физикалық дағды, қоршаған орта туралы түсінік қалыптастыру	жеңіл, ырғақты жүгіру https://youtu.be/C2wSO2OfNf4	жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, басты оңға, солға бұру **2.** Иыққа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, иықты кезек-кезек көтеру **3.** Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтеру Физмкалық дағдыны дамыту

		ұшақтың бейнесін қағаздан бүктеу әдісі арқылы жасаймыз. Коммуникативті дағдыларды дамыту , Құрастыру, Қоршаған ортамен танысу			
	5 жас **Дене шынықтыру** **Міндеті :** **Спортзал.**Кеңістікте бағдарлай білу және күш секілді дене қабілеттерін дамыту. Спортқа деген қызығушылықтарын дамыту.Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал	**5 жас** **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** **Дыбыс**Табиғидыбыстарды, жан-жануарлардың дыбыстарына жыратуға үйрету,сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру.**«Не қалай дауыстайды?»** **Д/ойын** **Ойын шарты:** Педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар	**5 жас** **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** **Дыбыс пен сөз**Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру,олардан адамның даусын ажыратуға үйрету,дауыс ауызбен айтылып,құлақпен естілетін түсіндіру. **Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны»** **Ойын шарты**: балалар шеңбер болып тұрады, бастаушы санамақ санау арқылы бір баланы ортаға шығарып, көзін	**5 жас** **Сауат ашу негіздері** **Міндеті: Сөз** Сөздерді дұрыс айтып,лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру. **Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты:** доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады. Педагог балаларға саусақ бұлшық еттерін дамыту жаттығуын жасатады. Басбармағым бастап берді, Саусақтарым ән сап берді, Шылдыр шүмек шылдырлады, Кіші бөбек былдырлады. **Дене шынықтыру** **Міндеті: Денсаулықтың**	**5 жас** **Көркем әдебиет** **Міндеті:** **Дыбыс** Табиғидыбыстарды, жан- жануарлардың дыбыстарына жыратуға үйрету,сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру **«Не қалай дауыстайды?»** **Д/ойын** **Ойын шарты:** Педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды: Сиыр мөңірейді: Жылқы кісінейді: Түйе боздайды: Ешкі

	ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін 1. Құралсыз жалпы дамыту жаттығуларын орындату(№1). 2. Бұрылыс жасап, бір орындарында екі аяқпен секіру **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті: Мектептегі алғашқы күн**Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету; Мазмұнды жалғастыру арқылы ой- қиялдарын дамыту; баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік.	сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды: Сиыр мөңірейді: Жылқы кісінейді: Түйе боздайды: Ешкі бақырады: Бұл ойында үй жануарларының жүрісін де салуға болады «Жаңбыр» саусақ ойыны: Жаңбыр жауса, Тырс-тырс, Айтады гүл: – Дұрыс-дұрыс. Жаңбыр жауса, Тырс-тырс. Айтады қыр: – Ырыс-ырыс **Қазақ тілі** **Міндеті: Мектеп бөлмелері** Мектеп туралы шағын мәтін құруға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Дидактикалық ойын:	байлайды. Санамақ арқылы келесі баланы шығарады, ол көзі байлаулы тұрған баланың атын айтады. Ойын осылай жалғаса береді. Педагог саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасатады. Сыңғыр, сыңғыр сырғалар Құлағымда сыңғырлар. Оң қолымда білезік, Сол қолымда білезік, Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3 – бір, екі, үш, Демаламыз жинап күш. **Дене шынықтыру** **Міндеті: Спортзалда ойнаймыз.** Ептілік, шыдамдылық, төзімділік тәрізді дене қабілеттерін дамыту. - тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін, секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын үйрету **«Мұқият бол» ойын жаттығуы**. 1,5 минут орташа	**құпиялары.** Спортпен шұғылдану, салауатты өмір салтына, өз денсаулығын бағалай білуге баулу.- таза ауа ағзаны күшейтеді, алаңда қимыл жаттығуларын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керектігі, баяу жүгіргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігінүйрету **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет).** Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Педагог жіпті жербауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында тұрып жоғары секіріп қалып, құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинап алады. Кімнің аяғы ілінсе, сол ойыншы «қармаққа түсті». Ойын барысында балаларды ауық-ауық үзілістер жасап,	бақырады: Бұл ойында үй жануарларының жүрісін де салуға болады «Жаңбыр» саусақ ойыны: Жаңбыр жауса, Тырс-тырс, Айтады гүл: – Дұрыс-дұрыс. Жаңбыр жауса, Тырс-тырс. Айтады қыр: – Ырыс-ырыс **Музыка** **Міндеті: Нота үйренейік** Шығармалардыңэмоциялық мазмұнын олардың сипатын көңіл күйін әсерлі реңктерін ажырату **Музыка тыңдау:** «Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай). **Ән айту**: «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Білімің – бұлағың» (Т.Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтықкимылдар: «Марш» (В. Дешевов)

	Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ «П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді: Па-па-па – парта. Жа-па-лақ – жал-пақ. Па- рақ – жа-пы- рақ. **Қазақ тілі** **Міндеті: Менің мектебім** Мектеп туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Диалогке қатысуға үйрету. **Дидактикалық ойын:** **«Танысу».** Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады. – Сенің атың кім? – Менің атым – Рома. – Менің атым – Вика. – Менің атым –	«Танысу». Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады. – Сенің атың кім? – Менің атым – Айсұлу. – Менің атым – Айнұр. – Менің атым – Батырхан Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала». (Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттермен жұмыс). – біз қайда келдік? -мектепке - мектепте кімдер бар? -мектепке оқушылар мен ұстаздар бар - сынып бөлмелерінде нелерді көріп отырсыңдар? -сынып бөлмелерінде	қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу. Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен адымдауларын қадағалау. Тыныс алу гимнастикасы (у-шу кешені). **Қимыл-қозғалыс ойыны:** **«Бос орын» (5 рет**). Балалар шеңбер бойына малдас құрып отырады. Жүргізуші шеңбер бойымен жүріп, бір ойыншының жанына келіп, оның жанына беторамалды тастайды да: «Бұл жер саған тар. Өзіңе орын тауып ал», – дейді. Ойыншы беторамалды алады да, жүргізушіні қуады. Ал жүргізуші оның орнына жылдам барып отырып алуға тырысады. Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші болады **Сөйлеуді дамыту Міндеті:Мектептегі**	демалтып тұру қажет. **Көркем әдебиет** **Міндеті: Біліміңбұлағың А.Шаяхметов** Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру. Өлеңнің баяндау сипатын сезінуге баулу. Қанатым талмайды, Қиялым самғайды. Ақын да, ғалым да, Ұстазсыз болмайды. Мереке күніңмен, Құттықтап бүгін мен, Ойыма ой қосам, Сен берген біліммен. **Д/ойын: «Ғажайып қоржын». Ойынның шарты**: Ғажайып қоржынның ішінде бірнеше заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Сол заттардың ішінен ойыншықтарды бір бөлек, оқу құралдарын бір бөлек жинау керек және аттарын атайды. Балалар оқу құралдары мен	**Билер**: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) **Ойындар, хороводтар:** «Сиқырлы ағаш» **(«Дидактикалық ойындар» жинағынан** **Шығармашылық бейнелеу Міндеті:** **Автобус** Заттарды бірнеше бөліктерден бейнелей білу,жапсыру, құрастыруға,мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру Балалар бұл ненің даусы? -Бұл машинаның даусы -Жарайсыңдар балалар бүгін біздер көліктер туралы әңгімелесетін боламыз.Балалар көліктердің бірнеше түрлері бар.Әуеде ұшатын,суда жүзетін, жерде жүретін. Ал енді балалар осы көліктердің ішінен автобусқа тоқталамыз. -Бұл автобус Енді балалар қараңдаршы осы автобусты сипаттайық. -Автобустың түсі

	Арлан **Дидактикалық ойын:** **«Тыңда,** көрсет, қайтала». (Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттермен жұмыс). – Мынау кім? – Мынау – қыз. – Қыз қайда келді? – Қыз мектепке келді. **Қоршаған ортамен танысу Міндеті: Ең жақын адамдар** Отбасы және отбасы мүшелері туралы ұғымдарын кеңейту -Балалар сендердің қастарыңда үнемі кімдер болады? - Ата – анамыз, аға, тәте, бөпе, ата , әже т.б Балалар оларды біз неге жақындарымыз деп айтамыз. Біз балалар ол адамдармен бір шаңырақ астында тұрамыз. **Сергіту сәті:** (саусақ гимнастикасы)	парта, тақта, сөрелер, т.б бар. Жарайсыңдар балалар Олай болса алдарыңдағы пішіндерден автобусты құрастырамыз **Математика негіздері** **Міндеті:** **Біреу-көп** Бір сөзінің мағынасымен таныстыру. **Топтық жұмыс.** -Бір-бірден берілген заттарды қоршап сызады. Педагог балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі алатындығы туралы сұрайды. -тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты таңдаңдар. Онда не болуы	**алғашқы күн** Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету; Мазмұнды жалғастыру арқылы ой-қиялдарын дамыту; баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу. Үнтаспадан Б.Самединеваның орындауында **«Достар, достар»** әні тыңдатылады Педагог балаларға **«Адал дос»** деген әңгіме оқып береді Міне, балалар, мақал-мәтелдерің өзінде досқа деген сенім жайлы айтылған. Достыққа адал адам, сертіне де адалболады. **Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата».** **Ойын шарты:** педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасын айтады. Мысалы: әке, ана , аға,тәте – отбасы. Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ... Қасқыр, түлкі, жолбарыс – ... Қызыл,	ойыншықтарды ажыратып бөлек жинайды және аттарын атайды **Математика негіздері** **Міндеті:Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру** Дара заттарды бөлуді үйрету. Бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік беру.Балаларға мынадай жаттығуларды ұсынады: Көгөністерге, жемістерге, тәттілерге бөлуді ұсынады. Заттар тобын бір сөзбен атайды. «Қарбыз қандай топқа жатады?» деген сұраққа жауап беруге қиналады. «Көп» және «бірнеше»терминдерін қолданады. Саны бойынша салыстырады: жемістер көп, ал қарбыз біреу. Көгөністер көп, ал қарбыз біреу және т.с.с	қандай? -Автобустың түсі қызыл -Автобустың пішіні қандай? -Автобустың пішіні төртбұрыш -Автобустың терезелері қандай пішінді? -терезелерінің пішіні төртбұрыш -Ал мынау автобустың есігі есігінін ішінен адамдар кіреді. -Автобустың адамдарға беретін пайдасы қандай? -Автобус адамдарды баратын жерлеріне жылдам апарып тастайды. -Ал мынау не балалар -Машинаның дөңгелегі -Дөңгелегінің түсі қандай? — дөңгелегінің түсі қара Жарайсыңдар балалар Олай болса алдарыңдағы пішіндерден автобусты құрастырамыз. **Қоршаған ортамен танысу Міндеті**: **Мектеп мамандары** Балалардың мектеп қызметкерлері туралы

	Бір үйде біз нешеуміз? Кел, ойнайық екеуміз: Бас бармағым — папам, Балақ үйрек — апам, Ортан терек — ағам, Шылдыр шүмек — мен, Титтей бөбек — сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз! Балалар сендер отбасымды жақсы көреміз деп айттыңдар, ал сендер оларға көмектесесіңдер ме? - Ендеше қазір тексеріп көреміз. Мен сендерді **«Мейірімді істер»** атты ойынға шақырамын. Балалар менің қолымда әдемі себет бар осы себетке мейірімді істерді жинаймыз. Ол үшін мынатүрлі-түсті гүлдерді алып үйде ата — аналарыңа	мүмкін? Оныбояңдар. - тапсырманы орындайды – бір қорапты таңдап, оны бояйды. **Музыка** **Міндеті: Білімің-бұлағың** Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту **Музыка тыңдау:** «Қосалқа» Дәулеткерей **Ән айту:** «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова) **Билер:** «Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Айгөлек»	сары, жасыл, көк – **Математика негіздері** **Міндеті: Біреу-көп** Бір сөзінің мағынасымен таныстыру. **Топтық жұмыс.** - Бір-бірден берілген заттарды қоршап сызады. Педагог балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі алатындығы туралы сұрайды. - тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты таңдаңдар. Онда не болуы мүмкін? Оныбояңдар. тапсырманы орындайды – бір қорапты таңдап, оны боялды		олардың жұмысының маңыздылығы туралы білімдерін кеңейту. **«Қандай мамандық иесі?» ойыны.** Балалар бұл сөздерді қандай мамандық иесі айтуы мүмкін екенін анықтайды Сіздің кекіліңізді қысқа қию керек пе?...(шаштараз) Балалар, кітаптың бетін ашыңдар ... (мұғалім) Рульді оңға бұрайын...(жүргізуші) Сурет салуға қылқаламдардайындадым ...(сур етші) Сізге емделу үшін дәрілер жазып берейін...(дәрігер) Қанша килограмм кәмпитөлшейін?...(с атушы) Сізге қандай көйлек тігу керек?..(тігінші) Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың бір мамандықты таңдайсыңдар. Сендер

	қандай көмек көрсететіндеріңді айта отырып гүлді себетке салу керек.	қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова)			өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашақ мамандық қандай болуы мүмкін? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралыәңгімелеп, қиялындағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі туралы ойларын ортаға салады.
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен					
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.				

	Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)		Үй жануары мысық , ит қалай дыбыстайды даусынан тану дыбысты қайталауды дамыту **(Тіл дамыту және көркем әдебиет)**	Көлеңке театрымен таныстыру, көлеңке театрының кейіпкерлерінен ата, апа бейнесін танып атау, сәлемдесу, қоштасу сөздерін айтуды үйрету **(Көлеңке театры)** **Құм терапиясы** Құм терапиясымен таныстыру, құммен ойнаудың алғашқы техникасын үйрету.	Қуыршақ театрының кейіпкерлерінен ата, апа, ана, әке бейнесін танып атау, сәлемдесу, қоштасу сөздерін айтуды үйретуді пысықтау **(Көркем әдебиет)** ойыншықтармен ойынойнауын жетілдіру **(Құрылыс ойындары)**	Топтағы табиғат бұрышын тамашалатуды үйрету. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)** **Үстел үсті театры** Үстел үсті театрымен таныстыруды жалғастыру, кейіпкер аттарын қайталату.

Балалармен жеке жұмыс		«Мен және менің атым» Баланың өзін таныстыруына жағдай жасау (аты-жөні, жасы). Сөздік қорын дамыту (сұрақ-жауап ойыны: «Сенің атың кім?», «Жасың нешеде?»). Ұсақ моторика: сурет дәптеріне өз атын бастырып салғызу (тәрбиеші көмегімен).	«Түстер әлемі» Негізгі түстерді (қызыл, көк, жасыл, сары) ажыратуға жеке жұмыс. «Қай түс?» ойыны: тәрбиеші бір түсті көрсетеді, бала атайды. Жеке балаға түрлі түсті қарындаш беріп, дұрыс қолдануға үйрету.	«Сандар досымыз» 1–3 сандарына жеке-жеке үйрету. Саусақпен, ойыншықпен санау. «Қанша ойыншық бар?» ойыны арқылы санау дағдысын дамыту.	«Тіл дамыту» Әр баламен қысқа әңгіме: «Отбасым», «Менің сүйікті ойыншым». Сөздік қорын толықтыру, сөйлем құрастыруға үйрету. «Сурет бойынша әңгімеле» әдісі: суретті көрсетіп, балаға 2–3 сөйлем айтқызу.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен		«Эстафеталық лабиринт» **Мақсаты:** Ептілік, бағдарлау және уақытпен жарысу қабілетін арттыру. **Шарты:** Балалар кезекпен лабиринттен өтіп,	«Ғарыш сапары» **Мақсаты:** Қиялды, бағыт-бағдар сезімін дамыту. **Шарты:** Балалар «ғарыш кемесі» рөлінде станциялардан өтеді, әр станцияда тапсырма орындайды (секіру,	«Кодты жеткіз» **Мақсаты:** Жүгіру жылдамдығы мен зейінді дамыту. **Шарты:** Бір бала «код» (қағаз) алып, кедергілерден өтіп командаласына жеткізеді, команда оны әрі қарай жалғастырады	«Мылтықсыз мергендер» **Мақсаты:** Дәлдік, көз мөлшерін және қол бұлшық етін дамыту. **Шарты:** Балалар допты немесе қапты нысанаға дәл тигізеді, әр түрлі қашықтықтан.

		таяқшаны келесі ойыншыға береді.	еңбектеу, лақтыру).		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : «Қарлығаш» балабақшасы
Топ : «Ақбота»
Балалардың жасы:3-4-5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 08-12қыркүйек 2025 жыл
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 08.09.2025 ж**	**Сейсенбі 09.09.2025 ж**	**Сәрсенбі 10.09.2025ж**	**Бейсенбі 11.09.2025ж**	**Жұма 12.09.2025ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік жайлы әңгімелесу «Бағдаршам» мобильді ойыны (Балалар бағдаршамның	Жұмбақтар Міндеті Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды	«Күз мезгілі» Суреттер құрастыру Міндеті Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру,	Еркін ойын: "Кімнің заттары? " (достарының заттарын анықтау) Міндеті үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Есту,	Еркін ойын: Ойын-жаттығу Міндеті құрастыру мүмкіндігін дамыту; «Мынау кім?» «Мынау не?» «Не істейді?» «Қандай?» деген

	айналасында тұрады. «Барамыз, барамыз, барамыз» әнінің аудио жазбасы естіледі. Бағдаршам қызыл (жасыл немесе сары) жалаушаны көтереді. Жасыл сигнал түссе балалар шеңбер бойымен жүреді, қызыл түсте тоқтайды, сары түсте қол соғады)	анық айтуды үйрету. Көшелермен шағын үйлер өтеді. Ересектер мен балаларды қала бойына апарады. (Автобус)	құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.	көру, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйрету. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; сөйлем сөздерін бір-бірімен үйлестір Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозайка және т.б	сұрақтардың мағынасын түсіндіру. «Ә», «Ү», «Ы» , «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету. (Тәрбиеші, күтуші, аспазшы, меңгеруші, жақсы, жұмыс істейді)
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Кітаптардан балалардың сұранысы бойынша ертегі, тақпақтар, әңгімелер	«Кітаптағы кейіпкер» Топқа ертегі кейіпкерлері	«Менің сүйікті кітабым» Балалармен отбасында оқыған кітаптарын талқылау. Негізгі ойды	«Кітап неден жасалған?» балалардың өз ойларын айту, тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен	«Кітаптар жәрмеңкесі» Апта бойы балалардың жасаған кітаптарынан жәрмеңке ұйымдастырып,

	оқып беру. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, балалардың мазмұндауын үйрету. **(Көркем әдебиет)** Кітаптарды санау, беттестіру арқылы биіктігі бойынша, қалыңдығы бойынша салысытыру. **(Математика негіздері)**	келеді, балалар сәлемдесіп, қай кейіпкер екенін, қай кітаптан екенін табады. Бірлесіп кейіпкерлер ұсынған ойындарды ойнайды. Кейіпкерлердің кітаптағы сөздерін тауып, жалғасын айтады. **(Тіл дамыту, көркем әдебиет)**	дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге үйрету. **(Тіл дамыту)**	соңын ойдан шығара білуге үйрету. **(Тіл дамыту)**	басқа топтардың балаларын шақырып тамашалату. Кіші топтан келген балаларды кітап жасау шеберханасына шақырып, кітап жасауды үйрету. **(Тіл дамыту)**
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**3-жас** **Дене шынықтыру** **Міндеті:** Тапсырмаларды орындай отырып жүру жаттығуын орындау **Тығылмақ** **Мақсаты:** Балаларды қырағылыққа,ептілікке, бірлікке тәрбиелеу. **Ойынның шарты:** Тәрбиеші санамақ арқылы жүргізуші сайлап алады. Жүргізуші тәрбиешінің қасында	**3-жас** **Қазақ тілі** **Міндеті:** Артикуляциялық жаттығулар арқылы сөйлеуді, естуді дамыту. Ә-ә-ә-ә-ә Ө-ө-ө-ө-ө Ғ-ғ-ғ-ғ-ғ-ғ-	**3-жас** **Дене шынықтыру** **Міндеті:** Дене жаттығуларын орындау барысында лақтыру қағып алу дағдыларын дамыту ***Мысықтар мен балалар*** **Мақсаты:** ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. **Шарты:** Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы	**3-жас** **Музыка** **Міндеті:** Музыканв эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. «Көбелектер» биы, би жанрын көрсету	**3-жас** **Дене шынықтыру** **Міндеті:** Дене жаттығуларын орындау барысында лақтыру қағып алу дағдыларын дамыту ***Доптар мектебі*** **Мақсаты:** Доппен ойнаудың тұрлерін үйрету,екі қолмен қағып алу,қабырғаға үру, жерге ұрып қағып алу сияқты т.б.түрлерін ойнай білу.Ептілікке тәрбиелеу. **Шарты:** Балалар

	немесе белгіленген жерде көзін жұмып тұрады, ал басқа балалар тығылады. Жүргізуші: « 1-2-3-4, іздеуге шықтым». Тауып алған баланың атын атайды. Осылай 3-4 баланы тапқан соң басқа баланы сайлайды. **(Сөйлемді дамыту кіріктірілген)**		олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады. Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады. (артикуляциялық жаттығулар Тіл ұсарту)		тәрбиешінің көрсеткен жаттығуларын орындайды. 1. Допты жоғары лақтырып екі қолмен қағып алу. 2. Допты жерге соғып екі қолмен ұстап алу. 3. Допты жерге соғып шапалақты соғып екі қолмен ұстап алу.
	4-жас **Дене шынықтыру** **Міндеті:** Жалпы қозғалыс жаттығуларымен таныстыру **. Шеңбермен жүру.** Қолды жоғары созайық, Шапалақты ұрайық. (қолды жоғары созып шапалақтап жүру) Кәне қолды жазайық,	**4-жас** **Қазақ тілі** **Міндеті:** Шағын өлеңдер жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға	**4-жас** **Дене шынықтыру** **Міндеті:** Жалпы қозғалыс жаттығуларымен таныстыру **Жалпы даму жаттығулары.** 1.Екі қолмен допты ұстап,алға созу. 2.Б.Қ.Допты қос қолмен ұстап,жоғары көтеру. 3.Б.Қ отыру.Допты қос қолмен ұстап,аяққа	**4-жас** **Музыка** **Міндеті:** Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. «Ас атасы-нан»Б.М.Жұмабекова тыңдау (**музыка**)	**4-жас** **Дене шынықтыру** **Міндеті:** Жалпы қозғалыс жаттығуларымен таныстыру **Шеңбер бойымен жүру,жүгіру.** «Орман аңдары» 1. «Аю» Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру.

	Қарлығашқа ұқсайық Балаларды мадқтау. Балаларға таяқшалар беру, бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу. **3.Жалпы даму жаттығулары.** **1.** Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «з-з-з» деп айту. /4 рет қайталау/ **2**. Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. / 4 рет қай/ **Музыка** **Міндеті:** Д/О «Ойлан тап» Мақсаты:Әуеннің	баулу. **Азық -түлік туралы жұмбақтар мен өлендер** .	тигізу. 4.Б.Қ.Допты ұстап секіру. 5.Тыныс алу. **4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.** **Құрсаудан еңбектеп өту.** **5.Қимылды ойын:** Торғайлар мен мысық Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.		2. «Түлкі» Қолды жанға ұстап, (қуланып) бір сызықпен жүру. 3. «Көжек» Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру. 4. «Қасқыр» Баяу жүгіру, жылдам жүгіру. Балаларға әр түсті екі текшелерден беріп,бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу

	көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау,. (**музыка**)				
	5-жас **Дене шынықтыру Міндеті**: **Күлкі сыйла**. Бала ағзасын төзімді, мықты болуға шынықтыру, омыртқаның қисайып кету қаупінің алдын алу.Орындық үстінде әр қадам басқан сайын допты алдында, артында ұстап, динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруді үйрету (ені – 20 см, биітігі – 30 см). **Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру:** ширақ итеріліп, құрсаудың ортасына түсу керектігін түсіндіру. **(3 рет).** Құрсаудан-құрсауға	**5-жас** **Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөз.Сөздің мағынасы** Балаларды сөздерді дұрыс айтуға және сөздердің лексикалық мағынасын түсіне біоуге үйрету. **«Кім көп біледі?» ойынын ойнату**. Ойлаған сөздеріңді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал	**5-жас** **Сауат ашу негіздері Міндеті: Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз** Балалардың сөздің лексикалық мағынасын ажыратып,берілген дыбысқа сөз ойлап,оны дауыс ырғағымен айта білуге жаттықтыру.Педагог балаларға ыммен «отырыңдар»,«сөйлемеңдер», «тынышталыңдар», – деп белгі береді. Ыммен – сөйлемей ишарамен түсіндіру – Міне, балалар, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру қандай қиын, ал біз бәріміз өз ойымызды сөз арқылы айта аламыз. – Балалар, қазір мен бір сөз айтамын. Мысалы: «сиыр», енді сендер	**5-жас** **Сауат ашу негіздері Міндеті :Дауысты дыбыстар** Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. - Балалар өткен тақырыпты естеріңе түсіндіріңдерші? – Не жайлы айттық? Педагог: Дыбыс айтылуына қарай әртүрлі болып естіледі. Дидактикалық ойын: «Ненің дыбысы?» Ойын шарты: Педагог үнтаспадан әртүрлі көлік түрлерінің табиғат құбылыстарының, жан-жануар, жәндіктердің дыбыстарын естіртеді. Балалар ненің дыбысы екенін табу керек Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты: доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан	**5-жас** **Көркем әдебиет Міндеті: Кішкентай бағбан М .Төрежанов** Әңгіменің эмоциялық - бейнелік мазмұнын жеткізе баяндауға баулу Әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету. Әңгіме ұнады ма? – Әңгіме не туралы? – Авторы кім? – Садық бауда не істеді? – Садықты кім ойнауға шақырды? – Қалел досына не көрсетті? – Садық неге бармады? – Күз мезгілінде не өсті? – Садық Қалелге әкесінің қай сөзін айтты? (Балалармен бірге қайталап оқу). – «Кішкентай бағбан» деп кімді айтамыз? –

	екі аяқпен секіру: 4 құрсауға кезекпен секіріп барып, қайтарда құрсауларды айналып, орындарына жүгіріп келеді. Секірген кезде құрсаудың ортасына түсуге тырысады. Екі аяқпен ширақ итеріліп, аяқтарының ұшымен жерге түседі ***Ойын:*** «Қайда жасырылғанын тап». **(2 рет).** Спортзалда еркінтұрады **Сөйлеуді дамыту Міндеті: Менің досым** Суретке қарап әңгіме құрауды және байланыстырып сөйлеуді үйрету, баланың сөздік қорын байыту;Үнтаспадан Б.Самединеваның орындауында **«Достар, достар»** әні тыңдатылады	дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету). **Қазақ тілі Міндеті: Біз мектепте не істейміз?**Сөздерді сөз тіркесімен айтуға сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақ жаттау. Шағын мәтіндер құрауға үйрету. **Сөздік ойын: «Жалғасын тап».** Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып	бір сөзден айтыңдар. Ал шатасып кетпес үшін мына стақанға әр сөз айтылған соң бір қарындаштан салып отырайық. Мен «сиыр» сөзін айттым, бір қарындаш салайын. Тағы да кім сөз айтады? Ең соңында қарындаштарды санап, педагог қорытынды жасайды. – Міне, біз қандай көп сөз білеміз, айта берсек әлі де көп. – Сендер байқадыңдар ма, кейбір сөз ұзақ дыбысталса, енді бір сөз қысқа дыбысталады. Сол себепті сөздер ұзын және қысқа болады. Мына екі сөзді тыңдаңдар: үй және кітапхана. Осы сөздердің қайсысы ұзақ, ал қайсысы қысқа айтылады? – Біз ол сөзді өлшеп көрсетейік: 2 қолдың алақандарын біріктіріңдер. Сөзді дыбыстай бастаған кезде алақандарыңды	басталатын сөздерді айтады. **Дене шынықтыру Міндеті:Мен ойнағанды жақсы көремін** Кеңістікті бағдарлай білу шеберліктерін дамыту, қозғаушы есте сақтау қабілеттерін дамыту.Допты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету. Допты бір-біріне екі қолмен бастарынан асыра лақтыру. Екі тізбекке, сапқа бөлініп тұрады (арақашытығы – 2 метр) **(10 рет).** Допты тура қолға лақтырып беруге тырысады. Лақтыру бағытын бұзбауға тырысады. Допты ширақ лақтырады. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жүгіру» (3 рет).** Шеңберге тұрып, балалардың ішінен санамақ арқылы қуалайтын баланы таңдайды. Белгі бойынша орындықтың үстіне қашып шығады. Бір орыннан екінші	Садықтың жасаған еңбегін қалай бағалайсың? – Сен Қалелдің орнында болсаң, не істер едің? – Әңгіме қалай аяқталды **.** **Музыка Міндеті: Көңілді ырғақтар** Музыка сипатын ырғақты жүріспен музыканың ширақ сипатын жеңіл ырғақты жүріспен беру. **Музыка тыңдау:** «Вальс» (Қ. Шілдебаев), «Полька» (М. Красев), «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев) **Ән айту:** «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен) **Билер**: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) **Ойындар, хороводтар:**

	Педагог балаларға **«Адал дос»** деген әңгіме оқып береді Міне, балалар, мақал- мәтелдердің өзінде досқа деген сенім жайлы айтылған. Достыққа адал адам, сертіне де адалболады. **Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата».** **Ойын шарты:** педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасын айтады. Мысалы: әке, ана , аға,тәте – отбасы. Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ... Қасқыр, түлкі, жолбарыс – ... Қызыл, сары, жасыл, көк – **Қазақ тілі Міндеті : Біздің топ** Не? Нелер? сұрақтарына дұрыс	жалғап, сөйлем құрайды. Мектеп ... (әдемі, жарық, таза). Таңертең жаттығу ... (жасаймыз). Музыка залында... (ән айтамыз, би билейміз). Серуенге шығып ... (ойнаймыз, демаламыз). **Музыка Міндеті: Нота үйренейік** Шығармалардыңэ моциялық мазмұнын олардың сипатын көңіл күйін әсерлі реңктерін ажырату **Музыка тыңдау:** «Гүлдерайы м» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай). **Ән айту**: «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев),	аша бастайсыңдар. Ал дыбыстап болысымен, сол сәтте тоқтай қалыңдар (Бұл жаттығу 2–3 баламен жекелеп жүргізіледі, 6–8 сөз айтылады). **Дене шынықтыру Міндеті:Біз күшті және ержүрекпіз**. Қозғалыс кезінде қайтадан сап құрып тізбекпен жүру және бағытты өзгертіп жүру дағдыларын жетілдіру. Салауатты өмір салтын сақтауға баулу. «Біз күшті және ержүрекпіз» Таяқты дұрыс ұстау керектігін, допты саусақтарымен күшке салмай төменнен жоғарыға қарай қалай итеру керектігін, кегельдердің оң және сол жағынан қалай айналып өту керектігін үйрету. Тепе- теңдікке арналған тапсырманы орындайды: гимнастикалық орындық үстінде доп ұстап жүру: Нұсқау:	орынға қашып жүреді. Сайланған бала оларды ұстауға тырысады. **Көркем әдебиет Міндеті: :Күз-жомарт Е.Өтетілеуұлы** Өленді логикалық екпінмен,үзілістермен жатқа айтуға дағдыландыру. Байланыстырып сөйлеуін жетілдіру. **Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?»** **Ойын шарты**: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек. Педагог: Балалар, сендер дүкенге барғанда әртүрлі заттарды, жаңа айтқан жемістермен көгөністерді көресіңдер. Сол заттарды сатып алуға болады. Ал сатып ала алмайтын заттар да бар екен. Сендер дәптермен жұмыс жасағанда көресіңдер. **Математика негіздері**	«Ән салған кім?» (А. Райымқұлова) **Музыкалық аспаптаойнау:** «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай) **Шығармашылық бейнелеу Міндеті: Алмұрт** Жолақшаларды екіге бүктеп ретімен қиып жапсыру, құрастыру суретін салу,мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру **Мақсаты**:Күзгі табиғатты бақылау кезінде қарапайым өзгерістерді атай білуге және өздерінің сезімдері туралы әңгімелеуге үйрету -Қазір қандай жыл мезгілі? - Күзде ағаштар қандай түске енеді? -Жапырақтар қандай-қандай түске боялады? -Неге күзді «Алтын күз» деп атаймыз? Жаңа сабақпен таныстыру Бүгін қағазға өң беру

	жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. **Сөздік ойын: «Жалғасын тап»**. Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды. Мектеп.... (әдемі, жарық, таза) Біздің (топ) Біздің топта. (ойыншықтар көп) Біздің топта. .....(үстелдер, орындықтар, кереуеттер) бар. Табиғат бұрышында .. (гүлдер) бар. **Қоршаған ортамен танысу**	«Білімің – бұлағың » (Т.Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақты қимылдар: «Марш» (В. Дешевов) **Билер**: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) **Ойындар, хороводтар:** «Сиқырлы ағаш» **(«Дидактикалық ойындар» жинағынан)** **Математика негіздері Міндеті:Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру** Дара заттарды бөлуді үйрету. Бір	тізені жоғары көтеріп, іші толтырылған доптарды аттап өту. Екі тізбекке тұрады. Бастарын түсірмей, дене бітімдерін түзу ұстап жүреді. Орындықтан түсерде, алдымен жерді аяғының ұшымен басып, сонан соң бүкіл табанын жерге қояды. <u>Қауіпсіздік техникасы</u> қажет кезде көмек беру, толтырылған доптарды балалардан бір адым қарақашықтыққа қою. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тым-тырақай» (3 рет).** Ойыншылар бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер бойында тұрады. Ортада ұстаушы- жүргізуші тұрады. балалар төмендегі сөздерді айтып, шеңбер бойымен жүреді: «Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш – деп санандар. Бір, екі, үш – ал тараңдар!» Осыдан кейін зал	**Міндеті: 1саны және цифры 2саны және цифры** 1және 2 цифрымен таныстыру.Заттарды санай алуға сандардың айтылу реттілігін үйрету. (Тақтаға бір алманың суретін іледі). - Тақтада қанша алма бар? (Осыдан кейін тағы бір алманың суретін алып, бір алманы қосады) - Енді қанша алма болды? «Екі» деген сөзге балалардың көңілін аударады. (Екі саны екі бірліктен тұратынынбалаларға айтып түсіндіреді.) - Балалар, бір алмаға және бір алма қостық. Содан екі алма шықты. Осыдан соң екі санының цифрымен таныстырады. Екі санына байланысты өлең шумақтарын оқып береді 2 цифры: Бірден кейін тұрамын Бірден кейін тұрғаным. Бірді бірге қосқанда, Мен шығамын, шырағым.	аппликация жұмысын жасаймыз. 1. Бүрку 2. Дымқылдау 3. Құрғақ қылқалам (Осы тәсілдермен таныстырып өту) **Сергіту сәті:** Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай бөбектер Үлкен болып өседі. **Үлгімен таныстыру** 1. Үлгімен таныстыру 2. Дайындаманы қиып алу 3. Дайындаманы төрт бөлікке бөлгізу. 4. Дайындама әртүрлі пішінді жапырақшалар. 5. Контур сызығы бойымен қиғызу 6. Ақ қағаз бетіне жапырақшаларды ретімен желімдеу. **Қоршаған орта Міндеті: Заттардың адам өміріндегі маңызы.Заттар неден жасалады?** Заттар,олардың

	ойыны Шарты: Балалар шеңбер құрып тұрады, ортада тәрбиеші доппен әр балаға пайдалы дәрумендер және жемейтін заттар туралы айтады. Пайдалы тағамдарды айтқанда допты ұтып алады да , жемейтін заттарды айтқанда допты ұтпайды. Ойын осылай жалғаса береді. **Көркем әдебиет Міндеті: Мақтақыз бен мысық Қазақ халық ертегісі** Ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. **Психологиялық дайындық** жүргізу.	– Доп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра, Думан, дуадақ т.б. 2-тапсырма. Педагог балаларға «м» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Мақта, мысық, моншақ, мал, малта, Маржан, магнит, мейіз, мол, мақұл т.б. 3-тапсырма. Педагог балаларға «т» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Тарақ, тақия, тазы, тоқым, толық, толқын, темір, табақ, тиек, тара, тамақ, тал, тон, тұз т.б. Педагог бір баланы тақтаға «тал « сөзіне дыбыстық талдау жасатады. Қалған балалар орындарында жасайды **Математика негіздері Міндеті: Шар.Текше. Цилиндр** Шар.Текше.Цилиндрді тануды ,атауды үйрету. Логикалық	*шетіне асхана жабдықтарын дайындап қоямын)* Ал балалар мұнда келіңдер. Мына тұрған ыдыс-аяқтар, бұлармен тамақ пісіріп, шәй қайнатады. /*балаларды асханадағы барлық заттармен жеке-жеке таныстырамын/* алаларға ашық оқу қызметінің аяқталғанын, олардың оқу қызметіне жақсы қатысқандары үшін мақтап, мадақтаймын **Дене шынықтыру. Міндеті :Күшті,батыл және үлкен боламын!**Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік,күш секілді дене сапаларын дамыту. Балалар сапқа тұрып пойыз болып спорт залға кіреді. *Жүгіру.* Жүгіру жаттығуларын орындау. Сап оңға,саптық қадаммен алға бас; жәй жүріс; залды айнала жүгіру 1 айналым); оң иық алға (жылан болып	ақылын алған жөн.Ендеше балалар біздің бүгінгі ашық оқу қызметіміз әдептілік жайында болмақ.Әдептілік-адамдардың өзара жақсы қарым- қатынасының,жүріс тұрысының ережесі.Әрбір адам- өз отбасында,қоғамда, жұмыс орнында,тағы да басқа кай жерде болмасын өзін әдепті,тәрбиелі ұстай білуі қажет.Әдептілік алдымен сәлемдесуден басталады. **Қорытындылау** **Қазақ тілі Міндеті: Мен және менің достарым** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тышқанға көмектесіп, достың қандай болатынын және достық туралы айтып берейік. -Сендердің достарың барма? -Достық дегенді қалай түсінесіңдер? Қос тілдік құрам- дос- друг, ұл- мальчик, қыз-девочка. Үлестірмелі материалдармен жұмыс.	құралдарды тауып қоюы керек. Балаларды тапқырлыққа үйрету. -**Дәптермен жұмыс.** Дәптерде берілген мамандық иелеріне қажетті заттарды тауып, сәйкестендіреді. **Музыка Міндеті: Елтаңбасы елімнің** Әннің сипатын қабылдау, даусын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Балаларға туған жеріміз, Отанымыз туралы сұрақтар қою. -Балалар бүгін қандай күн? -Біз қай Республикада тұрамыз? -Біздің елбасымыз кім? -Елордамыз қай қала? -Біздің ұлтымыз қандай? -Қай тілде сөйлейміз? -Біздің елде қандай ұлт өкілдері тұрады? -Рәміздерге нелер жатады? **Әңгімелесу:** (рәміздер туралы сурет арқылы түсіндіріп көрсету)

	Жылулық шеңберді ұйымдастыру. Балалармен шеңберде тұрып өлең жолдарын қайталап айту. Қайырлы таң! (бастарын төменге қарату) Қайырлы таң! (тәрбиешінің атын айту) Қайырлы таң! (балалардың аттарын атап шығу) Қайырлы таң! Көк Аспан! (қолдарын жоғары көтеру) Қайырлы таң! Барлық жақсылық өзімізге (қолды екі жаққа жазу) Балалар, енді сендердің бір күн бойы көңіл-күйлеріңнің жақсы болуына тілектеспін. Ал, балалар, мен сендерге жұмбақтар	байланыстар мен заңдылықтарды орнату санау дағдыларын дамыту,санау білігін бекіту,қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету. **Шаттық шеңбері:** Аспан түрді түндігін Жерге сәуле жайылды Неткен ашық күн бүгін Қайырлы таң, қайырлы! Балаларға 7,8 көлеміндегі сан құрамының барлық нұсқаларын көрсету.Сандар үйін толтыру. Фигураларды қайталау. Текше,шар,цилиндр ту-ралы түсінік беру. **№1 тапсырма:**денелерге ұқсас заттарды тауып жапсыру жұмысын орындау. **№2тапсырма:**өзгерт:пі шінін, түсін,көлемін,санын. **№3 тапсырма**:сурет бойынша есеп құрастыр және шығар.	жүру 2 рет); бір саптан екі сап құрау; қол жоғарыда аяқтың үшымен журу; қол белде өкшемен жүру; қол белде аяқтың ішімен және сыртымен жүру; тіземізді бүгіп қолымызды тигізу. - қолымыз артта аяғымыздың ұшын тигізіп жүгіру, қолымызды созып жартылай отыру, қолымыз белде толығымен отыру, **Қимылды ойын: «Бүркіт»** Балалар «Бүркітті» таңдайды. Қалған ойыншылар - «қосаяқтар», «тышқандар», «құстар» болады. Тәрбиешінің берілген дабылы бойынша «бүркіт» ұясында отырады, ал қалғандары секіріп, жүгіріп, ұшып жүреді. Дабыл бойынша - бәрі тұрған жерінде қатып қалады, ал «бүркіт» ұшып шығып, қозғалып қалған ойыншыны тауып алады да, ол ойыншы «бүркіт»	Тапсырманы қалай орындау керектігін түсіндіреді, қалай орындалғандарын қадағалайды. Саусаққа арналған жаттығу: Достық Қыздар мен ұлдар Досқой біздің топта. Ұсынса біреу қолын, Ешқашан бас тартпа. **Ойын: «Менің айтуым бойынша».** Ойын шарты: Балалар мен бір баланы суреттеп айтамын, сендер сол баланы табуларың қажет (ол кім?) 2 – 3 баланы суреттеп айту. Тәрбиеші: Балалар енді әрі қарай ойынымызды жалғастырамыз. «Айнаға қарашы». Айнаға қарап көңілсіз адамдарды көрсетеміз, енді күліп көңілді, қуанамыз, ойланып отырамыз. Жақсы, енді көңіл күйлеріңді алдарыңдағы шарға бейнелеңдер. Ол үшін мына суретке қараңдаршы. Тәрбиеші: Мынау қандай адам? Балалар: Көңілді адам. (Көңілсіз адам)	Балалар мемлекеттік рәміздер халқымыздың рухын,ұлттық салт-санасын, кахармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін,арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер. Рәміздерге:Елтаңба,Ту,Әнұран жатады. Осы әсемде ,асқақ елтаңбаның авторлары: Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уалиханов. Тұғырлы Туымызды сипаттау: Балалар мынау ҚР-ның мемлекеттік туы. Тудың авторы- Шәкен Оңдасынұлы Ниязбеков. Асқақтаған Әнұранды сипаттау: Әнұранның авторы:Шәмші Қалдаяқов,сөзін жазғандар: ЖұмекенНажмеденов,Нұрсұлтан Назарбаев. **Рәміздер туралы тақпақтар айтқызу** Айнымайды аспаннан Біздің тудың бояуы Оны халық қашанда Аспанға іліп қояды 2.Елтаңбасы елімнің Неткен

	жасырайын -Қараңдаршы балалар бізге бүгін қонақтар келіпті, қане амандасайық. Балалар сабақты тақпақпен бастайық: **Жұмбақтар** Тіршіліктің нәрі Тазалықтың әрі (су) Екі айнасы бар Екі найзасы бар Төрт жылтырмағы бар Бір шыбыртқасы бар (сиыр)) Ағайынды бәрі Шықса-жасыл Шықса-сары (жапырақ) **Сергіту сәті** Пеш үстінде мысық отыр Аздап екі көзін қысып отыр Тышқан етін жегісі кеп Тісі оның қышып отыр - Балалар, енді бүгінгі күн ерекше болғалы тұр, қане маған	4+2=7 **№4 тапсырма:**7,8 цифрларын жазу. Суретті қайта-лап салу. **Сергіту сәті:** Көтеріліп шаңырақ Керегелер керіліп, Өрімдей боп өріліп, Уықтар боп иіліп, Шаңыраққа киіліп, Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй боп көрінер. **Дидактикалық ойын: «Неге ұқсайды?»** **Шарты**:заттар қандай денеге ұқсайтынын айту. **Қортындылау** Бүгін сабақта қандай тапсырмалар орындадық? Сан құрамын қайталау. -Қандай фигураларды білесіңдер? -Денелерді сұрау. -Балалардың жауаптарын бағалау. **Музыка** **Міндеті: Елтаңбасы елімнің** Әннің сипатын қабылдау, даусын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен	атанады. **Математика негіздері Міндеті:** **Таңертең.Күндіз. Кеш. Түн. Кеше. Бүгін. Ертең.** Уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау,таңертең,күндіз, кеш,түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру. **«Күн мен түн» дәстүрлі ойыны.** Педагог «күн» деген кезде, балалар секіреді, «түн» дегенде, тоқтап қалады. Балалар ережеге сәйкес орындайды\ «кеше», «бүгін», «ертең» сөздерін енгізу Балалардан кеше не болғанын еске түсіруді сұрайды. Ал бүгін не істеп жатыр? Ертең не істегілері келеді? 3 оқиға бейнеленген суреттер Мысалы, кеше олар ертегі оқыды, бүгін сурет салды, ертең олар гүлдерді суарады. Балалар сөздерді хормен қайталайды: кеше – ол өтіп кеткен. Бүгін –	**Математика негіздері Міндеті:** **Таңертең.Күндіз. Кеш. Түн. Кеше. Бүгін. Ертең.** Уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау,таңертең,күндіз,кеш,түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру. **Шаттық шеңбері.** Қол алысып қане біз, Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге Қандай жақсы бір тұру Достарымен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! Бүгінгі ұйымдастырылған оқу- қызметіміз математика.Өткен тақырыпты бір қайталап.Оң жақта-справа,сол жақта-слева.Балалар бір жылда неше мезгіл бар? Төрт мезгіл бар Олардың атайықшы? -Көктем.жаз,күз,қыс Балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырайын. Шешуін тапсақ мына сиқырлы тақтадан жауабын	әйбат,әдемі Тұнығындай көңілдің Ортада аспан әлемі 3.Әнұраны елімнің Шақырады бірлікке Егеменді халқымның Болашағы бірлікте **Сергіту сәті**. Жоғары қарап күн көріп Төмен қарап жер көрдім Оңға қарай бұрылып Солға қарай бұрылып Егеменді ел көрдім. **Қорытындылау** **Математика негіздері Міндеті: Апта күндері** Уақыт туралы ұғымдарды қалыптастыру жұмысын жалғастыру.Сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру **Шаттық шеңбер** Күндей жарқырап Айдай арайлап Жұлдыздай жарқырап Судай мөлдір таза көңілмен Бүгінгі ашық оқу қызметін бастайық. Біз бүгін апта күндерімен танысамыз Қ. Жұмағалиевтің өлеңі «Жеті ұл» Біріншісі - дүйсенбі

	қараңдар. Қандай ертегілерді білесіңдер? (жауап) «Мақта қыз бен мысық» ертегісін Ыбырай Алтынсарин атамыз жазған. **Бейнеролик көрсету**https://www.youtube.com/watch?v=RWMpJUhvic8 Бүгін ертегіні оқып, түсініп, көріп, біліп қана қоймай ертегі кейіпкерлерінің рөлінде өзіміз ойнап көрсетеміз. **Шығармашылық бейнелеу Міндеті: Құмырадағы гүлдер** Елестету бойынша бірнеше бөліктерден заттар жасау жапсыру,	динамикасын дәл беру. Балаларға туған жеріміз, Отанымыз туралы сұрақтар қою. -Балалар бүгін қандай күн? -Біз қай Республикада тұрамыз? -Біздің елбасымыз кім? -Елордамыз қай қала? -Біздің ұлтымыз қандай? -Қай тілде сөйлейміз? -Біздің елде қандай ұлт өкілдері тұрады? -Рәміздерге нелер жатады? **Әңгімелесу:** (рәміздер туралы сурет арқылы түсіндіріп көрсету) Балалар мемлекеттік рәміздер халқымыздың рухын,ұлттық салт-санасын, кахармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін,арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер. Рәміздерге:Елтаңба,Ту, Әнұра н жатады. Осы әсемде ,асқақ елтаңбаның авторлары: Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уалиханов.	қазір болып жатыр. Ертең – ол болды.	көреміз. **Жұмбақ** Біз ұйқыдан тұрамыз Беті қолды жуамыз, Ата-әжемізге ереміз Бақшамызға келеміз. Бұл қай уақыт кім айтады? Таңғы уақыт (жауабы) -Дұрыс айтасыңдар таңғы уақыт. Таңертең қайда келеміз? -Балабақшаға Таңертең таңғы жаттығу жасаймыз.Таңғы ас ішеміз. Түскі асты қай кезде ішеміз? Күндіз ішеміз Кешкі асты қай кезде ішеміз? -Кешке ішеміз Түнде не істейміз? -Түнде ұйқтаймыз Жұлдыздар мен ай қай кезде шығады? -Түнде шығады Ендеше балалар шаршадықпа бір сергіп алайық. **Сергіту сәті.** Ал балалар келіңдер, Бой жазайық бәріміз Мойнымызды бұрамыз, Қолымызды созамыз. Топ-топ басып аяқпен,	Екіншісі - сейсенбі Үшіншісі - сәрсенбі Төртіншісі -бейсенбі Бесіншісі - жұма Алтыншысы –сенбі Жетіншісі - жексенбі Сендер жеті күннің бес күні балабақшада боласыңдар **Ғажайып сәт:** есік қағылып, тоқ-тоқ Мә-мә. Ешкі кіреді. Сәлеметсіңдерме балалар. Бізге орманда қасқырлар тыныштық бермеді, мен лақтарыма шөп әкелуге кеткенімде қасқыр келіп лақтарымды қорқытқан көрінеді. Лақтарым жан-жаққа бытырап кетті Ешкі қандай жануар? - Ал, қасқыр ше? - үй жануарының мекені қай жер? Жабайы жануар қайда өмір сүреді. Ешкіжан саған адамдармен өмір сүру керек. Мына балалармен бірге тапсырманы орындап көр, содан соң балалармен бірге тауып алармыз. Иә балалар көмектесемізбе ?

	құрастыру, суретін салу, мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру Балалар, бүгін бізде өте ерекше сабақ. Өйткені бізге қонаққа апайлар келіп отыр. Осы апайларға өздеріңді жақсы жақтарынан көрсете білулеріңе тілектеспін. **Психологиялық дайындық** Гүл өсірсең терлеп, Мұның аты еңбек. Кесте тіксең зерлеп, Мұның аты еңбек. Қиындықтың бәрін Еңбек қана жеңбек. Табиғи материалдарға нелер жатады?Ағаш, жаңғақ, бұтақ, тас, топырақ, қағаз т. б.	Тұғырлы Туымызды сипаттау: Балалар мынау ҚР-ның мемлекеттік туы. Тудың авторы-Шәкен Оңдасынұлы Ниязбеков. Асқақтаған Әнұранды сипаттау: Әнұранның авторы:Шәмші Қалдаяқов,сөзін жазғандар: ЖұмекенНажмеденов, Нұрсұл танНазарбаев. **Рәміздер туралы тақпақтар айтқызу** Айнымайды аспаннан Біздің тудың бояуы Оны халық қашанда Аспанға іліп қояды 2.Елтаңбасы елімнің Неткен әйбат,әдемі Тұнығындай көңілдің Ортада аспан әлемі 3.Әнұраны елімнің Шақырады бірлікке Егеменді халқымның Болашағы бірлікте **Сергіту сәті**. Жоғары қарап күн көріп Төмен қарап жер көрдім Оңға қарай бұрылып Солға қарай бұрылып Егеменді ел		Орнымызды табамыз. **Балалар қазір мен сендермен «Кім жылдам» ойынын ойнаймын.**	**тапсырма**. Бағдаршамның суреті. Мынау не? Бұл не үшін қажет? Дұрыс айтасыңдар балалар. Түстерін ажыратайықшы. Қандай пішінге ұқсайды? Дұрыс айтасыңдар. **тапсырма**. Геометриялық пішіндерден әртүрлі бейнелер құрастыр. /үшбұрыш,төртбұрыш, дөңгелек, ромбик/ **тапсырма** Қоянның сүйікті тағамы не? Қонжық нені жақсы көреді ? **4-тапсырма** Жұмбақ жасыру Қыста ғана болады. Ұстасаң қолың тонады. **Сергіту сәті.** Дүйсенбіде доп ойнадық далада Сейсенбіде серуен құрдық аулада Сәрсенбіде сурет салдық сәндетіп Бейсенбіде би биледік әндетіп Жұма күні жұмбақ шештік Сенбі күні мультик көрдік Жексенбіде үйде болып Осылайша өте шығар 1 апта

	Жарайсыңдар, балалар, бүгін біздер табиғи материалдардан «Құмырадағы гүл» композициясын құрастырамыз. Табиғат байлығы алуан түрлі. Табиғи материалдардан тамаша кәдесыйлар жасап үйренуді ары қарай жалғастырамыз. Біз бүгін цитрусты жемістердің қабығы мен жапырақтарынан әртүрлі материалдардан «Құмырадағы гүл» композициясын құрастырамыз. **Жұмыстың орындалу реті.** Бір түсті мата дайындап, оған өлшемі 1см кем қатырма қағазды қойып артық	көрдім. **Қорытындылау** **Қоршаған ортамен таныстыру. Міндеті: Тұрмыстық техника және оның қажеттілігі**Тұрмыстық техникалардың түрі және оның қажеттілігін түсіндіру. Балалар сендердің үйлеріңде үйге өте қажетті осындай заттар, яғни тұрмыстық бұйымдар бар ма? Ас үйден бастайық. Ас үйде қандай заттар бар? Балалар дұрыс бұл заттардың бәрі үй тұрмысына қажетті заттар. Бұлар үй жиһаздары және тұрмыстық техникалық қажетті заттар. Бұларды бір-бірінен ажырату үшін балалар барлығымыз экранға назар аударайық.Бұл экраннан тұрмысқа көше техникаларды көрсетіп, олардың қажеттілігі, зияны мен			**Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті: Арнайы көліктер.Жүк және жолаушы көліктері** Көлік түрлері мен таныстыруды жалғастырып олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы түсіндіру. -Балалар мен кіммін? Дұрыс айтасыңдар -Мен жол сақшысымын Жол сақшысының ұялы телефонына хат келеді. -Балалар,менің ұялы телефонына хат келді. -Хатта жұмбақтар жасырылыпты **Жұмбақтар** Арқаным бар тым ұзын, Ала алмайсың бір үзім. Ақылға салып ойланып, Тапшы мұны пысығым Бұл не? Сөйлеуді ол білмейді Бірақ «тоқта», «жүр» дейді Бұл не? Төрт аяғы дөңгелек Адамсыз ол жүрмейді Ол не? Жарайсыңдар,балалар! Бүгінгі біздің оқу іс-әрекетіміз жол белгілері

	бөлігін қайырып желімде. Матаның тең ортасынан бормен тік сызық түсір. Құмыра мен гүлдің орнын белгіле. Апельсиннің қабығын біркелкі болатындай етіп, үзбей кесіп ал.). Кесілген қабықты раушан гүлінің түріне келтіріп ора. . Гүлді матадағы белгіленген орынға тігіп, ағаш жапырақтарын жапсыр. . Түсті қағаздан құмыраның пішінін қиып, белгіленген орынға желімде. (Оқушылардың жасаған жұмыстарынан шағын көрме ұйымдастырылады. **Қорытындылау**	пайдасы жайлы айтып түсіндіру. Балаларға әр бұйымды түсіндіру кезінде балаларға сұрақ қойып, жауап алып отыру. **Сергіту сәті: «Шаңсорғыш ойыны».** Балалардың біреуі шаңсорғыш қалғандары шаң боп жан жаққа жүгіріп жерге қонады. Шаңсорғыш оларды жинап шығарады. Оның қолы кимге тиеді. Олар жайлап орнынан тұрады. Дәптермен жұмыс.			қауіпсіздік ережелері туралы екен. Қазір қаламызда көліктердің түрлері өте көп,сол көліктермен жүргенде немесе көлік жүретін жолмен жүргенде міндетті түрде жол белгілеріне қарап,жол тәртібін сақтауымыз керек. Мынау жол белгілері мұқият тыңдап таныс болайық (жол белгілерімен таныстыру) Осы жол ережелеріне байланысты,көліктерге байланысты кім тақпақ біледі? Жәмилә Санап кетсек сіз бен біз, Сан көлікке мінеміз Траллейбус,трамвай, Автобуспен жүреміз Ө.Айдана Көлік, көлік, Көліктерге мінеміз. Көшелермен,көшелермен, Күнде тынбай жүреміз. Нұрай Жол жүрудің тәртібін Ережесін білеміз. Сақтағанда қатерден, Сау-саламат жүреміз Аглан

	Сонымен балалар біз не жасап үйрендік? Сендерге бүгін сабақ ұнады ма?				Көшеде бағдаршам болмаса, Кісі жоқ жөн сілтер өзіңе Кідірме абыржып онда аспа, Сенгейсің өзіңе,көзіңе Зарина Көшеде ортаға жеткенше Әуелі көзің сал сол жаққа Балақай ортадан өткен соң Мойның сал сол жақтан оң жаққа Еңілік Мен білемін бәрін деме Отырған жоқсың бөлмеде Машина өтіп кеткесін Жолаушы алға беттесін. Бұл айтылған тақпақтардың барлығын есте сақтауымыз керек -Жаяу жүргіншілерге арналған бағдаршамдар бар олардың екі көзі болады қызыл және жасыл. -Саяхатқа шыққыларың келе ме? -Саяхатха орманға бару үшін бізге автобус керек. -Автобусқа мінудің де өз ережелері бар екен балалар. -Автобусқа мінгенде артқы есіктен

					кіріп.алдыңғы есіктен түсу керек.Терезеден қолымыз бен басымызды шығаруға болмайды.Қауіпсіздік ережесін сақтау керек. -Автобусқа жайғасайық. -Балалар,алдымызда екі жол тұр біреуі жаяу жүргіншілер жолы бұл жолды жиек жолдар дейді -Біз қай жолмен жүреміз? -Алдымызда не тұр? -Бағдаршамның қай түсі жанғанда жүреміз? -Жүргізуші сіз неге жай жүрдіңіз? **Жүргізуші бала:** бұл жерде «Абайла» деген белгі тұр. Белгінің ішінде жануардың суреті бар.Мұндай белгіде жай жүру керек. -Ендше «Жануарлар» белгісі тұрса біз орманға да жақындап қалдық. -Балалар, қоян мен барысты қараңдар.(((((
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету				

	Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру
Серуен	**Қараша айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Үстел үсті ойыны:**Көктемгі егу жұмыстары Тірі табиғат өседі,өнеді,қорек тенеді және де тұқым шашады. *Көктемгі егістік туралы түсінеді, біледі. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)*	**Үстел үсті ойыны:**«Бұлқашанбол ады?» Жыл мезгілдерін біледі. Құбылыстарды атайды *(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)*	**Үстел үсті ойыны:** «Төртіншісі артық» Көктемгі еңбек түрлерін тауып, қоршайды. *(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)*	**ойын:** «Көктемде не егеді?» Суреттен көкемгі егу жұмыстарын көрсетеді, әңгімелеп береді. *(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)*	**ойын:** «Егістікте кім жұмыс жасайды?» **:**егістікте жұмыс жасайтын мамандармен танысады. Суреттерден бақышлау жасайды. Егіншілер еңбегін бағалауға тәрбиеленеді. *(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)*
Балалармен жеке жұмыс	**Шарлармен жаттығулар орындау.** : жаттығуларды орындайды. қызығушылығын білдіреді. (Топпен)	**Дидактикалық ойын«Кімде не бар?»** аттардың(шкаф,орындық т.б) аттарын дұрыс атай біледі.	**Дидактикалық ойын "Ғажайып қапшық"** балалар ойыншықтардың атауларын айтады.	**Әңгімелесу "Менің ойыншығым"** Балалар тәрбиешінің сұрағына жеңіл сөздермен жауап береді.	**Дидактикалық ойын. «Атын атап бер»** түсі мен көлеміне қарамастан таныс заттарды таниды және көрсетеді.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«Қуаласпақ» **Шарты:** Белгіленген аймақта бір бала қуып, басқалары	«Допты алып өт» **Шарты:** Допты аяқпен жүргізіп, межеге дейін апарып қайтарады.	«Орныңды ауыстыр» **Шарты:** Шеңберде тұрған балалар белгі бойынша орын ауыстырады.	«Секір де жет» **Шарты:** Белгіленген сызықтан қос аяқпен ұзындыққа секіреді.	«Кім шапшаң?» **Шарты:** Белгі бойынша бағыт ауыстырып жүгіреді.

	ұстатпауға тырысады.				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қараша айы 2025 жыл 3 апта

Білім беру ұйымы : «Қарлығаш» балабақшасы
Топ : «Ақбота»
Балалардың жасы:3-4-5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 17-21қараша 2025 жыл

Қараша 3-апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 17.11.2025 ж	Сейсенбі 18.11.2025 ж	Сәрсенбі 19.11.2025 ж	Бейсенбі 20.11.2025ж	Жұма 21.11.2025 ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	**«Қауіпсіз – Қауіпті»** Баланы қауіпті және қауіпсіз заттарды ажыратуға үйрету. Балаларға заттардың суреттері (пышақ, сіріңке, электр тоқ розеткасы, жұмсақ ойыншық, алма, кітап) көрсетіледі.Балалар оларды «қауіпсіз» және «қауіпті» деп екі топқа бөлуі керек.Дұрыс жауап үшін жұлдызша беріледі.**Қауіпсіздік ережелері**	«Өлі табиғат. Судың қасиеті» **Мақсаты:** Судың қасиеттерін анықтайды. Судың қатты күйі яғни мұзға айналуын және судың әр түсті түске бояуына көз жеткізеді. *(қоршаған ортамен таныстыру)*	Табиғат пен тіршілік Көк түтінге тұншығып Аяқастытапталып Жатырқаншагүлсолып Ей адамдаркүнменгүлденжаралған Табиғаттыаялаңдар, Мәпелеңдербалалар! Сендердіңқамқорлықта. *(қоршағанортаментанысты ру)*	Көленкесіне қарай жеміспен – көкеністерді орналастыр» Балалар ойлау қабілеттерін дамытады. *(қоршағанортаментанысты ру)*	«Құм, тас, су. ойларын ойынмен ұштастыра отырып,шапшаңдыққа тәрбиеленеді. **Барысы:**Балалар «құм» дегенде әр жерде шашыраңқы болып отырады.. «Тас»дегенде өз қолымен мүсін қимылмен көрсетіп жасап тұра қалады, «су» дегенде толқын жасап қозғалады.» *(қоршаған ортамен таныстыру)*
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Сәуірайына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				

Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Зжас** **Дене шынықтыру** **Міндеті:** Қос аяқпен қысқа қашықтықта секіру дағдысын дамыту. **Ойын барысы:** Балалар үйрек секілді жүріп, екі аяқпен қаздарша секіреді. Тәрбиеші командаларын айтады: "Бірге секіру", "Қайта оралу". Балалар өздерін үйректерге	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Балаларды ұзақтыққа секіруге үйрету. **Ойын барысы:** Құрсаулармен "көлшіктер" жасалады. Балалар кезекпен бір "көлшікке" секіріп түседі де, "көлшіктерден" секіріп, өз жолдарымен өтеді. Әр бала "бақа" рөлінде болып, көлшіктерге секіріп, өз жолдарын табуы керек. **(Физикалық дағдыны**	**Музыка** **Міндеті:** Әртүрлі аспаптарды танып, оларды есте сақтау дағдыларын жетілдіру. **Ойын барысы:** Балаларға көрінбейтін жерде тұрған аспаптан дыбыс шығарылады, мысалы, барабан соғылады немесе сылдырмақ сылдыры шығады. Балалар аспаптың дыбысын тыңдап, қай аспап екенін табады. **(музыка – шығармашылық**	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Балалардың жылдамдығын және бағытты сезінуін дамыту. **Ойын барысы:** Балалар қатарға тұрып, тәрбиеші берген белгі бойынша қысқа қашықтықта жүгіріп өтуі керек. Бірінші келген бала жеңімпаз болады. Жарыс кезінде балаларға қосымша тапсырмалар беру арқылы ойын қиындауы мүмкін, мысалы, тек бір бағытта жүгіріп өту. (Физикалық , танымдық дағдыларды қалыптастыру Денешынықтыру)	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Заттардың орналасуын анықтау үшін "үстінде", "астында", "жанында" сөздерін қолдануға үйрету. **Ойын барысы:** Допты бөлмедегі түрлі жерлерге (үстелдің астына, орындықтың үстіне, шкафтың жанына) қояды. Балалар доптың орнын табуы керек және оны қалай тапқанын сөзбен айтуы қажет: "Доп үстінде", "Доп жанында" **(Коммуникативті дағдыны**

	ұқсатып, қос аяқпен алға қарай секіріп, тізбектелген бағыт бойынша жүреді. **(Физикалық дағдыларды қалыптастыру)**	**қалыптасытыру)**	**әрекет)**		**қалыптастыру Сөйлеуді дамыту.)**
	4жас **Дене шынықтыру** **«Ұшқыр Қарлығаштар»** **Мақсаты:** Жүгіру мен теңгерімді сақтау қабілетін дамыту. **Өткізу тәсілі:** Балалар қолдарын жайып «қанаттарын» қағып, қарлығаш болып жүгіреді. Тәрбиеші ысқырық бергенде, олар	**Қазақ тілі** **«Туыстарды тап»** **Мақсаты:** Туыстық қарым-қатынас байланыстарын түсіну және есте сақтау қабілетін дамыту. **Өткізу тәсілі:** Балалар жұптарға бөлінеді. Бір карточкада «Апа» деген сөз жазылған болса, екінші карточкада «Немере» деген сөз болады. Балалар өз жұптарын табуы керек. Осылайша, әрбір жұп белгілі бір туыстық байланыстағы	**Дене шынықтыру** . **«Жылдам құтқарушылар»** **Мақсаты:** Балалардың жүгіру және еңбектеу арқылы өзара көмек көрсету дағдыларын дамыту. **Өткізу тәсілі:** Алаңда «құтқарушылар» өз жолдастарын құтқару үшін белгілі бір қашықтыққа дейін жүгіріп, жолдағы «кедергілерден» еңбектеп өтеді. Бұл ойын топтық жұмысты және көмектесуге деген	**Музыка**. **Ағаш Қасықтармен Ритм Ойыны** **Мақсаты:** Балалардың музыкалық ырғақты сезінуін, қимыл-қозғалыс үйлесімін дамыту. **Өткізу тәсілі:** Әр балаға бір-бірден ағаш қасық беріледі. Тәрбиеші алдын ала дайындалған ритмді көрсетіп, балалар сол ырғақты қайталап ұрулары керек. Қарапайым ырғақтардан бастап, біртіндеп қиындай түсетін жаттығулар енгізіледі. Бұл ойын балалардың ырғақ	**Дене шынықтыру** **«Кенгуру секіру»** **Мақсаты:** Секіру арқылы аяқ бұлшықеттерін нығайту және баланс сақтауды үйрету. **Өткізу тәсілі:** Балалар кезекпен бір аяқтан екінші аяққа ауысып секіріп, «кенгуру» сияқты қозғалады. Белгіленген сызыққа дейін секіру арқылы жетуге тырысады, ал ең жылдам жеткен бала жеңімпаз болады.

	қонуға «ағаштарға» (белгіленген орындарға) келіп қонады. Қарлығаштар ұшу мен қону кезінде шапшаңдық пен тепе-теңдікті сақтауы керек. **Музыка** **Ағаш Қасықтармен Ритм Ойыны** **Мақсаты:** Балалардың музыкалық ырғақты сезінуін, қимыл-қозғалыс үйлесімін дамыту. **Өткізу тәсілі:** Әр балаға бір-бірден ағаш қасық беріледі. Тәрбиеші алдын ала дайындалған ритмді көрсетіп,	адамдарды еске түсіріп, атауларды үйренеді. **«Кітап Оқу»** **- Мақсаты:** Жұптық оқу арқылы тіл дамыту. **- Іс-әрекет:** Ата-ана баламен бірге балаларға арналған кітаптарды оқиды. Суреттерді қарап, оларды талқылайды, кейіпкерлердің эмоцияларына назар аударады.	ынтаны арттырады.	сезімін қалыптастырады	

	балалар сол ырғақты қайталап ұрулары керек. Қарапайым ырғақтардан бастап, біртіндеп қиындай түсетін жаттығулар енгізіледі. Бұл ойын балалардың ырғақ сезімін қалыптастырады				
	5жас **Сауат ашу** **Міндеті:** **Дыбыстық талдау** Балалардың дауыст және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту. Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар	**Дене шынықтыру.** **Міндеті:Отбасымызбен бірге жаттығамыз**Отбасы мүшелерімен бірге салауатты өмір салтына баулу.Балалар сапқа тұрып пойыз болып спорт залға кіреді.(Пойыз әуені естіледі) -Балалар барлығымыз спорт сарайына келдік! Барлығымыз қонақтармен амандасайық. -Енді бір-бірімізге	**Сауат ашу** **Міндеті: Дыбыстық талдау** Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту. Кәне, балалар жарты шеңбер жасап тұрайық! - Балалар, осы аптада біз не туралы айтып жатырмыз? - Қысқа тән құбылыстарды айтыңдаршы! -- Қыста күн суық болады. Қар жауады. - Жарайсыңдар, ендеше бір - бірімізге жылы	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** **Қыс.А.Асылбеков** Өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру **Жұмбақ шешу.** Аппақ көше,бар дала Аппақ ой мен қыраттар Ақ шатырлы қар қала, Ақ жамылып тұр бақтар -Қазір жылдың қай мезгілі? (Қыс) -Қыс мезгілі несімен қызықты?	**Қазақ тілі** **Міндеті: Менің Отаным** Шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру.Отан туралы тақпақ үйрету **Шаттық шеңбері** Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Біз бақытты баламыз. Қазақтан Республикасының әнұраны орындалады. Балалар, біздің бүгінгі

	жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызғылт сары дөңгелекті көтереді. «Кім көп сөз ойлап айтады?» дидактикалық ойыны –Н дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар, сөздерді шапалақпен буынға бөліндер, қанша буын атасындар. –Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, неке, нақ, неліктен. –Р дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады.	жылулығымызды сыйлап, шаттық шеңберін құрайық. **Шаттық шеңбері.** Қуанамын менде, Қуанасың сенде, Қуанайық достарым, Арайлап атқан күнге! -Алдымен саппен салдаттар құсап жүргізу, Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен,қолымыз белімізде өкшемізбен жүреміз. Қолымыз тіземізде жартылай отырып жүреміз, аю болып жүріп,қоян болып секіреміз. **Эстафеталық қимылды ойын: «Мұнара құрастыр»** **Шарты:** Балалар екіге бөлінеді. Шашылған дөңгелектерді бір-бірінің үстіне қойып жинастыру қажет. Әр бала бірдөңгелектен салып отыру керек.Қай топ шапшаң жинайды сол жеңіске жетеді. **Сауат**	лебіздер білдіріп, жүрекшені берейік. - Балалар. Сен үлкен ер - азамат болып өсіңдер. - Жарайсыңдар, орнымызға отырайық. Балалар мынау қай әріп? (Ш әрпі) - Ш дыбысын бәріміз бірге айтайықшы! Ш - ш - ш Ш дыбысы қандай дыбыс? - Иә, дауыссыз дыбысты қандай текшемен белгілейміз? - Ендеше, балалар бүгін Ш дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасаймыз. - балалар, кәзір «Зейінді бол» ойының ойнаймыз. - Мен, сендерге дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтамын, ал сендер, дауысты дыбысты естігенде қызыл текшені, дауыссыз дыбыстыестігенде көк текшені көтересіңдер. А, Н, Е, В,, С, О, О, О, М, Н, Г, Ш, А, Б, А, У, Ұ, Ұ, Ұ М, А, Р, О, М, Н, О, Ұ, К	-Адамдар қалай киінген? -Қыста біз не істейміз? -Бүгін сонымен қай мезгіл туралы өтеді екенбіз? (Қыс) **Ойын: «Қар жинау»** **Шарты:**Балаларға жасанды қарды шашып жіберіп,белгілі бір белгіден соң тез арада жинату.Шапшаңдығы мен ептілігін дамыту. **Сергіту сәті:** Боран соғар оң жақтан Боран соғар сол жақтан Қар лақтырып ойнасақ, Су өтер қолғаптан А.Асылбековтың «Қыс» өлеңін мәнерлеп оқып беру **Бекіту** -Қыста табиғат қандай өзгеріске ұшырайды? -Балалар, «Аяз бетті шымшиды», «құлақшыңды кимесең,құлағыңды тістеген» дегенді қалай түсінесің? Аяздың қолы бар ма? Жақсы қатысқан баланы мадақтау. **Қазақ тілі** **Міндеті: Менің бөлмем** Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру,	әңгімеміз Отан жайлы болмақ. - «Отан» деген сөзді қалай түсінесіңдер? Әр адамның өз Отаны болады. - Отан ол біздің туған жеріміз, тұратын жеріміз, отбасымыз. Отан біздің атамекеніміз. - Отан біздің табиғатымыз, айналамызды қоршаған орта. - Біздің Отанымыз, еліміз өте бай, өте әдемі. - Біздің Отанымыз-Қазақстан! Ермек Өтетілеудің «Менің Отаным» атты өлеңімін танысамыз. Отан деген - атамекен, Отан деген- туған жер. Отан – ана, Отан – үлкен Қазақстан – туған ел! Өлеңнің мазмұнын, мағынасын балаларға түсіндіру. **Сергіту сәті:** Ал балалар тұрайық, Алақанды ұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Жоғары-төмен қарайық.

	–Радио, рауғаш, рас, рет, резеңке, рең. Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды **Дене шынықтыру. Міндеті:Отбасымызбен бірге жаттығамыз**Отбасымүшелерімен бірге салауатты өмір салтына баулу.Балалар сапқа тұрып пойыз болып спорт залға кіреді.(Пойыз әуені естіледі) -Балалар барлығымыз спорт сарайына келдік! Барлығымыз қонақтармен амандасайық. -Енді бір-бірімізге жылулығымызды	**ашу** **Міндеті: Дыбыстық талдау** Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту. Кәне, балалар жарты шеңбер жасап тұрайық! Балалар, осы аптада біз не туралы айтып жатырмыз? Қысқа тән құбылыстарды айтыңдаршы! -- Қыста күн суық болады. Қар жауады. Жарайсыңдар, ендеше бір - бірімізге жылы лебіздер білдіріп, жүрекшені берейік. Балалар. Сен үлкен ер - азамат болып өсіңдер. Жарайсыңдар, орнымызға отырайық. Балалар мынау қай әріп? (Ш әрпі) Ш дыбысын бәріміз бірге айтайықшы! Ш - ш - ш Ш дыбысы қандай дыбыс? Иә, дауыссыз дыбысты қандай текшемен белгілейміз? Ендеше, балалар бүгін	Жарайсыңдар, балалар! **Дене шынықтыру. Міндеті : Отбасылық альбом**Еңбекқорлыққа және психологиялық көңіл күйлерін көтере білу қабілеттерін дамыту. Б.қ: негізгі тұрыс. қолды екі жаққа созу: Қолдарды жоғары көтеріп, қол шапалақтау; қолды екі жаққа созу; бастапқы қалып. Б.қ: аяқты сәл ашып, қолды белге қою. 1--қолды екі жаққа созу: алға иіліп, қол шапалақтау; түзу тұрып, қолды екі жаққа созу; бастапқы қалып. Б.қ: аяқты иықтың деңгейінде қою, қолды белге қою; қолды екі жаққа созу; алға иілу, оң аяқтың тізесінің астында қол шапалақтау; түзу тұрып, қолды екі жаққа созу; бастапқы қалып. Б.қ: негізгі тұрыс, қолды белге қою. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Өз түсіңді**	ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттықтыру.Шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру **Сурет бойынша жұмыс.** Оқушылардың жауабы. Жасыл кілем. Үлкен гүл. Үкен терезе. Кішкентай керует. Қоңыр қонжық. Сары үстел. Әдемі сурет. Жасыл кілем. Бөлме әдемі, таза. Үстелдің үстінде кітап жатыр.Үстелдің үстінде шам тұр.Үстелдіңастында кілем жатыр. Бөлмеде әдемі гүл, керует, сурет бар. **Келесі сурет бойынша сөйлемдер құрастырамыз.** Орындықтың үстінде мысық отыр. Орындықтың астында ит отыр. **Сергіту сәті**. Ал енді демалып, бйымызды сергітіп алайық. **Жұмбақ шешу**. Балалар сендер жұмбақ шешуді жақсы көресіңдер ме? Ал енді жұмбақ шешіп көрейік. Көкшіл айна үйдегі Көрсетеді киноны.(Теледидар) Алдына келесің, Өзіңді көресің.	Бойымызға күш жинап, Бір секіріп алайық, Секіріп-секіріп алайық, Орнымызды табайық. **Д/О: «Қай мезгіл?»** **Мақсаты**: жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін атау, әңгімелеу. **Кері байланыс** **Музыка** **Міндеті: Біздің рәміздер** Ересектердің орындауында музыкалық пьесаларды тыңдау жоғарғы регистр аспаптың дыбысталу тембрін ажырату. **Сұрақ – жауап** Балалар біз қандай мемлекетте тұрамыз? Әрина Қазақстан Республикасында тұрамыз? Біздің ұлтымыз қандай? Қазақ.Біз қай білде сөйлейміз? Әрине қазақ тілінде. Ал,сендер біздің елді басқарып отырған президентіміздің есімін білесіңдер ме? Әрине Қасым – Жомар Кемелұлы .(Суреттен көрсету)

	сыйлап, шаттық шеңберін құрайық. **Шаттық шеңбері.** Қуанамын менде, Қуанасың сенде, Қуанайық достарым, Арайлап атқан күнге! -Алдымен саппен салдаттар құсап жүргізу, Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен,қолымыз белімізде өкшемізбен жүреміз. Қолымыз тіземізде жартылай отырып жүреміз, аю болып жүріп,қоян болып секіреміз. **Эстафеталық қимылды ойын: «Мұнара құрастыр»** **Шарты:** Балалар екіге бөлінеді. Шашылған дөңгелектерді	Ш дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасаймыз. балалар, кәзір «Зейінді бол» ойының ойнаймыз. Мен, сендерге дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтамын, ал сендер, дауысты дыбысты естігенде қызыл текшені, дауыссыз дыбысты естігенде көк текшені көтересіңдер. А, Н, Е, В,, С, О, О, О, М, Н, Г, Ш, А, Б, А, У, Ұ, Ұ, Ұ М, А, Р, О, М, Н, О, Ұ, К Жарайсыңдар, балалар! **Сөйлеуді дамыту Міндеті: Әжесін қайсысы жақсы көреді?**Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ойын барысында бекіту. Балаларды әңгімені толық тыңдап мақмұнын айтуға үйрету Қанат пен Болат әжесінің	**тап!».** Жұп болып екі тізбекке тұрады. Тізбекте жүру, жүгіру. Бір-бірінің аяқтарын басып кетпеулерін қадағалау. Түрлі түсті қағаздарды алып, орамалдардың түстеріне сәйкес жұп болып тұрады. Зал ішінде тәрбиешінің белгісі бойынша шашырап жүреді. «1, 2, 3 – Өз түсіңді тап!» деген бұйрық бойынша жұп болып екі тізбекке жылдам тұрады. Жүруді жүгірумен алмастырады. Бағыт қозғалысын сақтайды. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Дәл беру».** Жұп болып, бір-біріне қарама- қарсы тұрады (арақашықтықтары – 3 м). Серіктесіне допты табанымен домалатып жібереді. Қарсыласы допты ұстап алып, өзіне қайта домалатын жібереді. **Сөйлеуді дамыту Міндеті: Әжесін**	(Айна) Осы заттар сендердің үйлеріңде, бөлмелеріңде бар ма? Бүгінгі өткен сөздеріміз әр адамның үйінде, бөлмесінде кездесетін заттар. **Сабақты бекіту**: Қазір сендердің алдарыңа сурет таратамын.Бұл суретті түрлі-түсті қарындаш -пен бояйсыңдар. Осы суреттерді мен сендерге сыйға тартамын. Түстерді бекіту. Шатырдықабырғаны, терезені, есікті қандай түспен боядың? Осы үйімізді, өзіміздің бөлмемізді қалай ұстауымыз керек? Тағы не істеуіміз керек? **Сергіту сәті** **Ойын: «Есіңе түсір»** **Шарты**: Балаларға бірнеше бөлікке бөлінген сурет қиындыларынан жол белгілерін құрастыруды тапсырады. Тәрбиеші балаларға тапсырманы түсіндіреді. Жүргізушілер жол апатына ұшырамау үшін,жол	Мына бірінші суреттегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы. Келесі суреттен біз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Біздің рәміздеріміздің бірі Қазақстан Республикасының Менлекеттік Гимні.Балалар ҚРМ Гимнінің сөзін Елбасымыз Нұрсұлтан атамыз және Жұмекен атамыз жазған.Әні жазған Шәмші атамыз.Балалар Мемлекеттік Гимнді қалай болса солай орындауға болмайды. **Қорыту:** Балалар бүгінгі іс- әрекетімізде біз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы білім алдықКәне маған кім рәміздерді атап береді?Қош сау,болыңдар **Музыка**

	бір-бірінің үстіне қойып жинастыру қажет. Әр бала бір дөңгелектен салып отыру керек.Қай топ шапшаң жинайды сол жеңіске жетеді. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** **Ақымақ қасқыр** **Қазақ халық ертегісі** Ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу. Жағымды мінез-құлық қалыптастыру **Шаттық шеңбері:** Бәріміз енді тұрайық Үлкен шеңбер құрайық Жақсы-жақсы сөздерді Қонақтарға сыйлайық Табиғат біздің анамыз Табиғатқа	жанында ойнап отыр. Бір кезде Қанат әжесін құшақтап: – Әжем менікі, мен әжемді жақсы көремін, – деді. Болат Қанаттан қалыспай, әжесінің екінші жағына шығып: Әже сенікі емес, әжем менікі, мен жақсы көремін. Мен сен сияқты әжемнің басын қатырмаймын, – деп таласады. Әже немерелерінің егесіне риза болып отырды. Бір кезде карттың көзі бұлдырап, қысылып, диванға қисая кетті. Қанаттың зәресі ұшып, бақырып жылап жіберді. Болат абыржымай, үлкен кісіше телефонға барып, жедел жәрдем шақырады. Ақ халатты дәрігер келіп, әжесіне ине шаншып, дәрі береді. Әжесі басын көтеріп, дәрігерге алғыс айтады. Дәрігер Болат пен	**қайсысы жақсы көреді?**Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ойын барысында бекіту. Балаларды әңгімені толық тыңдап мақмұнын айтуға үйрету Нейрожаттығу жасау. **Суретпен жұмыс** Балалар суреттен кімді көріп тұрсыңдар? Балалардың жауабы тыңдалады Кім әжесін жақсы көреді? Кімнің әжесі бар? Әжелерің үйде не істейді? **Дидактикалық ойын** «Бұл не? Кімге керек?» **Мақсаты:** Балабақша қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру. **Әже туралы тақпақ айту.** Әжем менің жан әжем, Ақыл білім үйреткен. Аппақ әжем жан әжем, Тербететін мейіріммен. Аман болсын ақ әжем, Жүзге жетсін жасыңыз Ағармасын шашыңыз	ережесін сақтау керек,есте сақтаңдар, сау болыңдар! **Музыка** **Міндеті: Жомарт өлкем** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру,оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. **Шаттық шеңбер**. -Балалар,бүгін күн ерекше өйткені біздің топқа қонақтар келді.Шаттық шеңберіне тұрайық. Күннің көзі ашылды, Көкке шуақ шашылды. Құтты қонақ келіпті Төрімізге еніпті Амандасу үлкенге Тәрбиенің басы ғой. Ал канекей бәріміз. Сәлем дейік үлкенге. Сәлеметсіздер ме, апайлар! **Сергіту сәті:** (Бейнетаспа арқылы) **Бейнеролик көрсету.** https://www.youtube.com/watch?v= DlV52I1VZBU Балалар біз Астана қаласымен таныстық . **Бейнеролик көрсету.** https://www.youtube.com/watch?v= TFJNFrxufX4 Енді өзіміздің туған өлкеміз амангелді ауданына саяхаттаймыз. **Қорытынды**Саяхатқа қай	**Міндеті: Жомарт өлкем** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру,оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. **Шаттық шеңбер**. -Балалар,бүгін күн ерекше өйткені біздің топқа қонақтар келді.Шаттық шеңберіне тұрайық. Күннің көзі ашылды, Көкке шуақ шашылды. Құтты қонақ келіпті Төрімізге еніпті Амандасу үлкенге Тәрбиенің басы ғой. Ал канекей бәріміз. Сәлем дейік үлкенге. Сәлеметсіздер ме, апайлар! **Сергіту сәті:** (Бейнетаспа арқылы) **Бейнеролик көрсету.** https://www.youtube.com/watch?v =DlV52I1VZBU Балалар біз Астана қаласымен таныстық . **Бейнеролик көрсету.** https://www.youtube.com/watch?v =TFJNFrxufX4 Енді өзіміздің туған өлкеміз амангелді ауданына саяхаттаймыз. **Қорытынды.**

	баламыз Иіліп сәлем береміз Біз әдепті баламыз **Жұмбақ шешу** Балалар, мына сурет арқылы жұмбақ шешейікші. Ит сияқты пішіні Ұнатпайды ол кісіні -Дұрыс ,қасқыр Қасқыр дегеніміз не? -Ол жыртқыш аң Ол қайда жүреді? -Ол орманда тіршілік етеді Ол немен қоректенеді? -Ол етпен қоректенеді -Өте жақсы, балалалар. **Ертегіні көрсету**. https://www.youtube.com/watch?v=TnWCuSbuR6E **Сұрақтарға жауап беру**. Ертегі кейіпкерлерін атаңдар.	Қанаттан: Телефонмен жедел жәрдемді шақырған қайсыларың? – деп сұрады. Болат: Менмін, – деді. Ақылды бала екенсің, – деді дәрігер. Әжеңді жақсы көреді екенсің. **Қоршаған ортамен таныстыру** **Міндеті: Жаяу жүргіншілер ережесі**Көлік түрлері мен таныстыруды жалғастырып олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы түсіндіру. **Бейнематериалды көрсету.** https://www.youtube.com/watch?v=SbXKx1Lrw9g Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бізге қонақтар келіп отыр. Қане, біздің қандай ақылды бала екенімізді көрсетейік. Бүгінгі ұйымдастырылған оқу	**Дидактикалық ойын «Жасырын суретті тап» Шарты**: қағаз артында жасырынған әженің суретін тауып алу керек. **Шығармашылық тапсырма** Әженің суретін боя. **Кері байланыс** **Математика негіздері** **Міндеті: Жыл мезгілдері** Ай атауларын жыл мезгілдері бойынша рет-ретімен атауға және табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту. **Нейрожаттығу.** **Шаттық шеңбер:** Табиғат біздің анамыз Табиғатқа баламыз Иіліп сәлем береміз Біз әдепті баламыз **Суретпен жұмыс.** Суретпен жұмыс жасап отырып тақырыпты ашу. -Балалар маған қараңдаршы, менің қолымда әр түрлі түсте шарлар бар. Бұл шарлардың түстері осы төрт жыл мезгілін сипаттайды. Күз –сары	жерлерге бардық? -Барған саяхатымыз сіздерге ұнады ма? Балалар біздер Қазақстан Республикасында тұрамыз. Біздер кең байтақ амангелді ауылында тұрып жатқанымызды мақтан етеміз. Смайликтерді көтеріп көңіл-күйімізді білдірейік. **Математика негіздері** **Міндеті: Ауыр-жеңіл** Заттарды қолға алып салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету. **Психологиялық дайындық** Тақтаға екі түрлі суреттерді іліп бұнда не көрініп тұрғанын сұраймын. Не ауыр ? Не жеңіл ? Неге ? **Сергіту жаттығуы:**	- Саяхатқа қай жерлерге бардық? -Барған саяхатымыз сіздерге ұнады ма? Балалар біздер Қазақстан Республикасында тұрамыз. Біздер кең байтақ амангелді ауылында тұрып жатқанымызды мақтан етеміз. Смайликтерді көтеріп көңіл-күйімізді білдірейік. **Математика негіздері** **Міндеті: Ауыр-жеңіл** Заттарды қолға алып салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету. **Психологиялық дайындық** Тақтаға екі түрлі суреттерді іліп бұнда не көрініп тұрғанын сұраймын.

